

МЕТОДИЧЕСКИЙ БЮЛЛЕТЕНЬ

«Қоғамдық пәндер сабақтарында білім мазмұнын жаңарту жағдайында бәсекеге қабілетті маман даярлау»

Қоғамдық пәндер сабақтарында қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау



География пәнінде заман талабына орай бәсекеге қабілетті маман даярлау мақсатында білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдарын пайдаланамын:

Интерактивті тақта;
Мультимедия;
Интернет кеңістігі;
Электронды оқулық.

Оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет:

Бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) студенттер әрекетін ауыстырып отыру;

Студенттің (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамыту;

Компьютерлік технологияны пайдалана отырып дарынды, орташа және үлгерімі төмен студентке сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу;

Оқушының есте сақтау қабілетін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау).

Бүгінгі күнде оқытушылар студенттердің жемісті және тиімді іс - әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, спектакль - сабақ, саяхат - сабақ және т. б. жатқызуға болады.

Жаңа АКТ - ны сабақта пайдаланудың тиімділігі:

Студенттің еркін ойлауына мүмкіндік береді;

Ақыл - ойын дамытады;

Шығармашылық белсендігін арттырады;

Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді;

Тіл байлығын жетілдіреді;

Жан - жақты ізденушілігін арттырады.

Ең бастысы бәсекеге қабілетті, сөйлеу, еркін ұстау, өз ойын жеткізу дағдысы қалыптасқан жас маман қалыптасатыны.

Қоғамдық пәндер бойынша жан-жақты жүйелі терең білім берілсе технология арқылы оқытушылардың шығармашылығы қалыптасса онда логикалық ойлары теңеліп, өздігінен білім алу сол білімді нәтижелі түрде пайдалану т.рлері уақыт талабына сай, бәсекеге қабілетті күзиретті тұлға болып қалыптасатыны сөзсіз.

Оқытылатын пән төңірегінде, болашақ маманның жұмыс сипаты мен ерекшелігіне сай мәліметтерді, ғылымның инновациялық жаңалықтар мен ақпараттарды таңдай білу.

Жоғарыдағыдай білім беру оқу-тәрбие үрдісін ұлттық жүйеде дамытуға негіз бола отырып, жеке шығармашыл дара тұлға,салауатты да кемелденуші, бәсекеге қабілетті маман даярлаудың кепіліне айнамақ.

Қоғамдық пәндер оқытушысы: Имангалиева Г.С.

Қоғамдық пәндер сабақтарында білім мазмұнын жаңарту жағдайында бәсекеге қабілетті маман даярлау



Оқушыларды шығармашылық қажеттілікке, өз бетімен білім алуға, өз білімін ұдайы жетілдіруге, материалды терең және шығармашылық тұрғыдан меңгеруге үйрету жобалық жұмыстарға деген қабілетін шыңдау. Осы аталған мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда топ оқытушылары бірнеше жылдан бері түрлі конференцияларға қатыстырып жүр.

Педагогикалық тәжірибені бүгінгі даму деңгейінде белгілі болып отырғандай оқытудың озық әдіс тәсілдерінің бәрін еркін игеріп, әрбір нақты жағдайларға орай ең тиімді әдісін таңдап алу, олардың жиынтығын түрлендіре отырып пайдалану, әрі шығармашылықпен өзіндік білімді жетілдіре отыру негізінде ғана жүзеге асатын іс. Өз білімін көтеру негізінде – оқу-тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде оқытушы басты тұлға. Осындай талапқа сай қызмет атқару үшін оқытушы бірінші кезекте өзінің әдістемелік, психологиялық, дидактикалық білімін ұдайы толықтырып үздіксіз іздену үстінде өз мамандығы бойынша білімін жетілдіріп отыруы керек. Сонымен қатар психология мен педагогика ғылымдары жайындағы жаңалықтармен озық тәжірибелерді үнемі пайдаланып отыруы шарт.

Әрбір пән оқытушысы ешкімге тәуелсіз кәсіби бағыты болуы керек. Сонда ғана оқытушының оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі бүгінгі күннің талабына үлес қоспақ.

Оқытушы шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі методика саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық алдыңғы қатарлы тәжірибені жетік игеру. Демек сапалы, тиімді, нәтижелі ізденіс ұстаздың тынымсыз еңбегінің айғағы болса керек. Оқу тәрбие үрдісінің дұрыс жүргізілуіне сабақта оқытушының әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін оқытушылардың мүмкіндіктеріне және жағдайларына қарай таңдап алуы да ізденістен жүзеге асатын шара болмақ.

Оқытушыларға саналы білім, сапалы тәрбие беруді жүзеге асыру үшін оқытушы шығармашылық ізденісте, жаңа педагогикалық технологиялардың жетістіктерін пайдалана отырып, өзінің кәсіби шеберлігін дамытуды кезек күттірмес мақсаты деп есептеуі керек.

Әрбір күн өзгеріске толы қазіргі жауапты кезеңде заман көшіне қалмай, уақыт талабына сай болу, білімді өз бетіне үйрену, оны оқытушыларға үйрету ұстаздықты мұрат еткен әрбір кәсіп иесінің ең қасиетті борышы, абзал парызы. Қазақ санасының шамшары Ахмет Байтұрсынұовтың «Мектеп жаны мұғалім» деген қанатты сөзінің мағынасы бүгінгі күн талабын күшейтті отыр. Оқытушылар Отанды сүйеге, адамдыққа, адалдыққа ізгілікке баулу ұрпақ тәрбиешілерінің абыройлы парызы. Ол үшін оқытушы қазіргі заманға лайық өзінің білімін беру ісінде рухани, парасатты шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технологияны меңгерген білігі мен білімі жоғары ұлағатты тұлға болуы тиіс. Алдағы уақытта жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде өз үлесімді қоса бермекпіні.

Қоғамдық пәндер оқытушысы: Ораз А.Ә.



«Қоғамдық пәндер сабақтарында білім мазмұнын жаңарту жағдайында бәсекеге қабілетті маман даярлау»

Нарықтық экономика еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарға сұранысты қажет ететіні мәлім. Бұл білім ордаларының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Кез-келген жас маман өзі таңдап алған кәсібінің қыр-ысырын ғана емес, сол саладағы жаңа технологияларды, жаңаша жұмыс жасау дағдыларын, жаңаша ойлауды, белгілі ортаға икемді қарым-қатынастарды қалыптастыруды үйреніп, заман талабына сай қолдана білсе ғана, бәсекеге қабілетті болатыны сөзсіз.

Жаңа технологияларды меңгеру оқытушының зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Халқымыздың рухани қосемі Ахмет Байтұрсынұов « Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек» дегендей, оқыту барысында ең озық, тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде. Құқық негіздері сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, студенттің өздік жұмысының көлемін көбейтуге, студенттердің белсенділігін көтеру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өз бетінше білім алуға көмектеседі. Жаңа технологияны пайдалану немесе меңгеру оқытушының интеллектуалдық, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытуға көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын қолдана отырып, сабақты жүргізудегі негізгі мақсаты – студенттің қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге қызығушылығын арттыру. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асырамын.

1. Оқытушылардың бірімен-бірі білімдерін алмастыруы.

2. Оқытушылардың өздігінен білімін толықтыра отырып, жаңа білімді яғни жаңа сабақты меңгеруі.

3. Берілген білімді пысықтау.

4. Шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Берілген тапсырмалар арқылы студенттердің тілін дамытып, сөздік қорын байытуға болады. Тапсырмалар арқылы оқытушы студенттің нені білетінін, нені түсінгенін, нені түсінбегенін біледі. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңыздылығы – студенттің шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады. , әр оқушының өздігінен үйренуге баулиды, берілген дөріс мәтіндерін қолдана отырып, ой еңбегімен айналысуға жетелейді. Даму барысы біркелкі болмауына байланысты әр топта үлгерімі нашар, жақсы, үздік студенттер болады. Сондықтан сабақ барысында әр студенттің талаптарын анықтау үшін және де түрлі жоспарланған бағдарламалық материалды стандарт талаптарына сай меңгерту үшін әр түрлі тапсырмалар қолданғанды қажет етеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы студенттің де , оқытушының де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға арналған және сол арқылы қоғамдағы бәсекеге қабілетті маман дайындауға өз үлесімді қосамын.

Қоғамдық пәндер оқытушысы: Тортбаева Р.Б.

Қоғамдық
ЦИКЛА